



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

160900 Сарыағаш қ, С.Дүйсебаев к №4
СЫМ: 87020928570
E – mail: er-ai-bi2021@mail.
БСН: 210540027528

160900 г.Сарыағаш, ул С.Дүйсебаев №4
тел: 87020928570
E – mail: er-ai-bi2021@mail.
БИН: 210540027528

«19» 08 2025ж

№ 65

**«2025 – 2026 оқу жылының
Басталу және аяқталу мерзімдерін,
Сондай – ақ каникул кезендерін
айқындау туралы»**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5 – бабының 18 – тармақшасы және Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2025 жылғы 5 тамыздағы №174 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және Сарыағаш ауданының білім бөлімі басшысының 22.08.2025 жылғы №327-нқ санды шығыс хатын басшылыққа ала отырып
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025 – 2026 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:
2025 жылғы 1 қыркүйек – 2026 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:
1 – 4 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:
1 – тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 27 қазаннан бастап 2 қарашаны қоса алғанда);
2 – тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2025 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);
3 – тоқсан 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2026 – жылғы 19 – 29 наурызды қоса алғанда);
1 – сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2026 жылғы 9 – 15 ақпанды қоса алғанда);
4 – тоқсан – 8 оқу аптасы.
2. Барлық жұмыстар жоспарлары, күнтізбелік – тақырыптық жоспарлары және өзге де оқу – тәрбие процесін ұйымдастыруға қатысты құжаттар ӘНХ – та көрсетілген мерзімдерге сәйкес дайындалып, жүзеге асырылсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау мен басшылық жасау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аймаговаға жүктелсін.

Мектеп директоры:

А.Базарбаева

